

ISSN 2220-685X

ИНЖЕНЕРЛІК ГРАФИКА ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІМ ПРОБЛЕМАЛАРЫ

ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

SCIENTIFIC-PEDAGOGICAL JOURNAL

НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

PROBLEMS OF
ENGINEERING GRAPHIC
AND PROFESSIONAL EDUCATION

ПРОБЛЕМЫ ИНЖЕНЕРНОЙ ГРАФИКИ
И ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО
ОБРАЗОВАНИЯ



Том
Volume 40 (2017)

1

ASTANA

Редакция алқасы

В.Е. Михайленко (Украина), М. Отелбаев (Қазақстан), А. Хасаноглы (Түркия), В.И. Якунин (Ресей), Р. Авазов (АҚШ), Ж.М. Есмұхан (Қазақстан), В.А. Плоский (Украина), Б.Н. Нурмаханов (Қазақстан), Д.Ф. Кучкарова (Өзбекстан), В.И. Римшин (Ресей), Ы. Наби (Қазақстан), Ж.Ж. Жанабаев (Қазақстан), Ж. Тусупов (Қазақстан), Т.К. Мусалимов (Қазақстан), М.Б. Нурпеисова (Қазақстан), Н.Б. Қалабаев (Қазақстан), А. Хазбулатов (Қазақстан), М. Маханов (Қазақстан), А.Ж. Жусупбеков (Қазақстан), С.К. Баймуханов (Қазақстан), Е.Е. Сабитов (Қазақстан), С.Ш. Садыкова (Қазақстан), Ж.М. Аукажиева (Қазақстан).

Бас редактор - Әуез Кеңесбекұлы Бәйдібеков

техника ғылымдарының докторы, профессор
ҚР Машинажасау және көлік бойынша Ұлттық ғылым академиясының академигі
ҚР Қолданбалы геометрия және графика қауымдастығының Президенті
Геометрлер және графиктердің Халықаралық қауымдастығының мүшесі

Editorial board

V. Mihailenko (Ukraina), M. Otelbayev (Kazakhstan), A. Hasanoglu (Turkey), V. Yakunin (Russia), R. Avazov (USA), J. Esmukhan (Kazakhstan), V. Ploskiy (Ukraina), B. Nurmahanov (Kazakhstan), D. Kuchkarova (Uzbekistan), V. Rimshin (Russia), I. Nabi (Kazakhstan), Zh. Zhanabayev (Kazakhstan), Zh. Tusupov (Kazakhstan), T. Mussalimov (Kazakhstan), M. Nurpeisova (Kazakhstan), N. Kalabaev (Kazakhstan), A. Khazbulatov (Kazakhstan), M. Makhanov (Kazakhstan), A. Zhussupbekov (Kazakhstan), S. Baimukhanov (Kazakhstan), Y. Sabitov (Kazakhstan), S. Sadykova (Kazakhstan), J. Aukazhieva (Kazakhstan).

Chief Editor - Auyez Baidabekov

Professor, PhD, Doctor of Technical Sciences
Academician of the National Academy of Science in Mechanical Engineering and Transport of the Kazakhstan
President of the Association applied geometry and graphics
A member of the International Society for Geometry and Graphics

Редакционная коллегия

В.Е. Михайленко (Украина), М. Отелбаев (Қазақстан), А. Хасаноглы (Түркия), В.И. Якунин (Ресей), Р. Авазов (США), Ж.М. Есмұхан (Қазақстан), В.А. Плоский (Украина), Б.Н. Нурмаханов (Қазақстан), Д.Ф. Кучкарова (Өзбекстан), В.И. Римшин (Ресей), Ы. Наби (Қазақстан), Ж.Ж. Жанабаев (Қазақстан), Д. Тусупов (Қазақстан), Т.К. Мусалимов (Қазақстан), М.Б. Нурпеисова (Қазақстан), Н.Б. Қалабаев (Қазақстан), А. Хазбулатов (Қазақстан), М. Маханов (Қазақстан), А.Ж. Жусупбеков (Қазақстан), С.К. Баймуханов (Қазақстан), Е.Е. Сабитов (Қазақстан), С.Ш. Садыкова (Қазақстан), Ж.М. Аукажиева (Қазақстан).

Главный редактор - Байдабеков Ауез Кеңесбекович

доктор технических наук, профессор
Академик Национальной академии наук по машиностроению и транспорту РК
Президент Ассоциации прикладной геометрии и графики РК,
Член Международного общества геометров и графиков

web сайт: <http://www.enu.kz/ru>; <http://apggrk.kz>,
e-mail: journal.enu@gmail.com

ӘОЖ 728.7

Қазақ халқының сәулеттік құрылымы және оның тәрбиелік мәні

Әуез Кеңесбекұлы Бәйдібеков¹, Жандарбек Мәлібеков²

¹техника ғылымдарының докторы, профессор,
Л.Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті

²профессор, Л.Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті

Аңдатпа. Мақалада қазіргі кезде киіз үйді жасау мен оны тігу және жинау үлкен қиындықты тудырып тұрғанын, оның жинау мен бұзудың түсіндірме қағазы жоқтығынан қазіргі кезде тігуі мен бұзуын кез-келген адам жасай алмайтының және оның құрылымын түсіндіру мен практикалық үйретудің жоқтығын, сонымен бірге киіз үйдің іші мен оның қолдануына байланысты үлкен төрт бөлімге бөлінетінін қарастырған. Мақалада киіз үйдің жалпы сәулеттік құрылымы мен сол киіз үйдің ішкі құрылысы және тәрбиелік мәні қарастырылған.

Кілт сөздер: *киіз үй, кереге, уық, шаңырақ, күлдіреуіш, есік, қанат, төр, босаға, табалдырық, туырлық, үзік.*

Аннотация. В статье рассмотрена проблема создания юрты, а также сложность сборки и разборки юрты, так как в наше время любой человек этого не может сделать, потому что отсутствуют инструкции по сборке юрты и недостаточная информированность, а так же отсутствие практической подготовки. Кроме того, использование внутренней части юрты и деление ее на большие четыре секции. В статье, также рассмотрены архитектурная конструкция юрты, внутреннее строение юрты и ее воспитательная ценность.

Ключевые слова: *казахская юрта, решетка, уины, крыша (шанырак), двери, крылья, почетно место, порог, верхняя часть юрты из войлока, ремень.*

Abstract. The article discusses the problem of creating a yurt, as well as the difficulty of assembling and disassembling a yurt, since in our time any person can not do this because there are no instructions for assembling a yurt and lack of awareness, as well as lack of practical training. In addition, use the inside of the yurt and divide it into large four sections. The article also discusses the architectural design of the yurt, the internal structure of the yurt and its educational value.

Key Words: *Kazakh yurt, grille, uinnin roof (shanyrak), doors, fenders, a place of honor, the threshold, the top of the tent of the portage, belt.*

1. Кіріспе

Қазақ халқының сәулеттік құрылыстары әр түрлі және кең байтақ жеріміздің орналасуына байланысты сан қырлы. Ежелгі сәулет құрылысына тұрғын үй есебінде қолданылған ерекше ғимарат түріне киіз үй жатады [2]. Бұл ғимаратты біздің халқымыз, сан мыңдаған жылдар бойы өзінің төл баспанасы болғандықтан,

жылдар мен ғасырлар өткен сайын оның құрылысы мен түрлерін жаңартып отырған. Жайлау мен қыстаққа көшіп қону үшін бұл ыңғайлы тұрғын үй құрылымы жеңіл және үйді жинау оңай болған. Ежелде жаугершілік уақытында бұдан артық жылдам құрылатын және жеңіл жығылатын тұрғын үй болмады. Бұл ғимараттың қаңқасы ағаштан жасалған, ал үстінгі жабыны қой жүнінен басылып жасалған киізден тұрады. Сырты киізден жасалған соң бұл ғимараттың, яғни тұрақ үйдің атын «Киіз үй» деп атап кеткен. Әрине, бізбен көршілес тұрған басқа да көшпенді халықтардың киізден жасалған үйлері олардың негізгі баспанасы болған. Сондықтан, басқа көшпелі халықтардың киіз үйлерімен біздің «Киіз үйді» салыстырғанда тек қана олардың сыртындағы киізі ғана ұқсайды. Киізден жасалған үйдің «туырлығы» тек қана сыртқы жабын жағы, әр түрлі атмосфермалық жауын шашындардан қорғайтын бөлігі ғана. Ал енді сол киізді ұстап тұрған қаңқасы әр халықтың тұрмыс жағдайына байланысты әр түрлі болады.

Киіз үй тарихы өте тереңде жатыр, жуық шамамен алғанда кейінгі дәуір б.з.д. 8-5 ғасырларда пайда болуы мүмкін. Себебі, кейбір ежелгі көшпенділердің мобильді тұрақ үйінің көрсетілімдерін жартасқа салынған суретте сақталып қалған. Киіз үй ғұн дәуірінен белгілі [3, 5].

Қазақ киіз үйінің әлеуметтік жағдайына үйлесімдігі сондай, оны үлкейтіп, кішірейтіп, тіпті бір-біріне қосып, екі-үш бөлмелі етіп тігуге де болады. Бұл үйдің тағы бір ерекшелігі туырлықтан жазда ыстық, қыста суық, ал жауында су өтпейді. Кейбір жағдайда қатты қыстан киіз үймен қыстайтын болса, онда туырлықты екі қабат етіп жабады. Сонымен қатар, қыс кезінде үй іргесін шөппен бітеп, айналасын қамыспен шалылап қоралайды. Көбінесе қопалы, қамысты жерді паналайтындықтан, жел де көп болмайды. Айтып кететін жай, әрқашан қоныс аударғанда киіз үй таза жерге тігілген және оны бағалап қасиетті қара шаңырақтың киесі деп атаған.

2. Киіз үйдің түрлері мен құрылысы


Киіз үйдің төменгі жағының пішімі дөңгелек тәріздес келсе, үстінгі жағы толық күмбезді болып келеді. Осындай пішімі арқылы қазақ киіз үйі басқа көршілес көшпенді елдердің үйлерінен айрықша болып тұрады. Бұл үйдің пішімі аэродинамикалық заңдылықтармен жасалған. Бұлай болуына кең байтақ далада көп болатын желдер мен дауылдар әсер еткен. Сонымен қатар, киіз үйдің ішіндегі

кеңістік кең болады, себебі үйде ешқандай бұрыш жоқ. Ал үй ішіндегі ауасы күмбез тәріздес шаңырақ арқылы шығып, үй ішіндегі ауа тазарып отырады. Үйдің қаңқасы ағаштың тайақтарынан жасалса да, үйдің үстінен түсіп тұрған атмосфералық күштерден басқа киіз үйдің өз салмағын көтеріп тұр. Бұл дегеніміз үйдің құрылысының инженерлік есептері тыңғылықты және дұрыс жасалғанын дәлелдейді. Қазақ үйлері пайдаланылуына, сән-салтанатына және қанаттарының санына қарай төмендегі түрлерге бөлінеді: кара үй (үш қанат), қоңыр үй (4 қанат), боз үй (5 қанат), ақ үй (6 қанат), ақ ала орда (8 қанат), ақ орда (12 қанат), ақ шаңқан (18 қанат), алтын үзік (24 қанат), алтын орда (30 қанат) деп аталатын түрлері бар. Сол сияқты көшіп-қонуға, уақытша паналауға немесе шаруашылық, жұмыс ретінде бейімделген үй түрлері болады. Олар қос, абылайша, күрке, кепе, итарқа, жаппа, жолым үй, ас үй, қалқа деп аталады. Сонымен қатар, жаңа үй болған жас шаңырақты «отау» дейді [2].

Киіз үйдегі ішкі кеңістігі - қазақ халқы дүниетанымының тоғысқан жері десек болады. Олай дейтініміз осы үйде адам дүниеге келеді, үйленеді, балалы болады және соңғы сапарға да осы үйден аттанады. Яғни, адамның сырттағы тіршілігін қоспағандағы өмірінің негізгі бөлігі осында өтеді. Қазақтар киіз үйді - ғаламның моделі ретінде қарастыра отырып, бүкіл ғалам мен адам арасын байланыстырушы деп ұғынған. Ал, рухани мәдениет ретінде қарастыратын болсақ, киіз үй баспана ғана емес сонымен қатар, арғы әлеммен байланыстырып, қаскөй рухтардан қорғайтын киелі орын ретінде қарастырған. Құрылымы жағынан, яғни киіз үйдің «сүйегі» төрт негізгі элементтен тұрады (1-сурет): үйдің қабырғасы – «керегесі» (1), жабыны – «уықтары» (2), төбесі – «шаңырағы» (3) және кіріп шығатын – «есігі» (4). Үйдің сүйегін үйшілер жасайды, оны «үй басу» дейді [4]. Қажетті ағаштар 6 ай, кейде бір жылдай көлеңкеде кептіріледі. Мезгілі жеткен кезде үйшілер бұл ағаштарды қажетінше жонып, морға, қозға (ыстық қоламтаға) салып балқытып, тезге салып түзетіп алады. Олар үй сүйегіне лайықталған ағаштарды жонып, түзетіп шауып, қырнап болғаннан кейін, оны тағы морға салып, кереге, уыққа, күлдіреуішке лайықтап ырғаққа (қалыпқа) салып, белгілі бір үлгі, жобаға келтіреді де, оны құрастыра бастайды.

Қазақ үйдің құрылымы және негізгі бөлігі, киесі мен қасиетті элементті шаңырақтан басталады. Ертеде үйдің шаңырағын көтеріп жатқанда ешкім сөйлемеген, себебі ұлы іс атқарылып жатқанда, яғни жаңа үй тігіліп жатқанда үнсіздік орнауы тиіс болған. Бұған дәлел ретінде халық арасында «Жеті уық

шаншылғанша жетесіз ғана сөйлейді» деген сөзі. Шаңырақтың төрт күлдіреуіші болады. Бұл әлемнің төрт тарапы болатынын білдірген. Шаңыраққа қарап киіз үйдің есігін шығысқа қаратып тіккен. Олай болуы күннің сәулесі үйге бірінші түссін дегенді білдіреді. Уықтарды шаңыраққа қараған көрінісін, күннің шашырандысы деп ұғынған.



1 сурет: Киіз үйдің сүйек құрылымы


Шаңырақ киіз үйдің ең жоғарғы бөлігі болып саналатын болғандықтан оның пішіні күмбез тәріздес болады (2-сурет) [4]. Киіз үйдің шаңырағы уықтардың ұштарын біріктіріп ұстап тұратын үйдің құрылымы. Үйдің шаңырағы пішіміне байланысты төрт құрылымы бөлшектерден тұрады. Шаңырақтың негізі қалыңдатылып қатты ағаштан тұрады. Бұл шаңырақ бөлігін «тоғын» (1) деп атайды. Оны қатты ағаштан жасап, өрнектеп қояды. Шаңырақтың келесі бөлігін «күлдіреуіш» (2) деп атайды. Күлдіреуіш сәмбі (тау талынан, бұл тал таудан аққан өзендер жағасында өседі) талынан иіп жасайды. Әр иін 3-тен 8-ге дейін күлдіреуіштен тұрады. Күлдіреуіштер саны мен олардың иіндері шаңырақтың диаметріне байланысты болады. Ал осы күлдіреуіштер өзара ыдырап кетпеу және берік болу үшін, оларды түзу ағашпен бекітіп, көбіне өрнектеп қояды. Осындай берік бекітілген құрылғыны беріктік (3) деп атайды. Шаңырақтың келесі бөлігін шаңырақтың көзі (4) дейді. Осы көздерге байланысты киіз үйдің көлемі мен ауданын анықтауға болады. Бұл көздерге уықтың қаламын кіргізіп, уықтарды шаншиды, шаншылған уықтар киіз үйдің жоғарғы күмбезін құрайды.



2 сурет: Киіз үйдің шаңырағы

Киіз үйдің қабырғасын кереге деп атайды. Бұл атаудың шығуы жиналып тұрған керегенің ашылып керілуін айтады. Керегені де шаңырақты жасаған ағаштан иіп жасайды. Керегенің иіндері өз қолдануына байланысты ішкі және сыртқы болып бөлінеді. Керегені құрайтын әрбір ағашты «желі» дейді. Желілерді өзара бекіту үшін, алдымен желілерді тесіп, түйенің мойын терісі немесе өгіздің бас терісінің сірісін жақсылап өңдеу (мұндай өңделген теріні – «қайыс» деп атайды) арқылы көктейді. Керегенің бас және аяқ жағын сәл шалқайтыла жасаса, онда ортасы дөңестеу жасалады.

Желінің ең ұзын түрін керегенің «ерісі» (3) деп атайды, ал одан қысқалауын «балашық» (2) десек, ең кішісін «сағанақ» (1) деп атайды (3-сурет). Осындай желілерден құралған керегені қанат деп атайды. Яғни, бір қанат кереге 14 ерістен, 9 балашықтан, 9 сағанақтан құралады. Осы желілердің қиылысқанынан пайда болған торды «керегенің көзі» деп атайды. Керегенің көлеміне қарай кереге көздерін «желкөз» және «торкөз» деп екі түрге бөледі (3-сурет).




3 сурет: Киіз үйдің керегесі

Керегенің өз құрамына оаиланысты көптеген атаулары бар: оларға керегенің қанаты, керегенің басы, қасы, көзі, сағанағы, аяғы, иегі, көгі жатады. Киіз үй кереге қанат санына байланысты төрт, бес, алты, сегіз, тоғыз, он, он екі, жирма төрт, отыз қанатты болып келеді.

Киіз үйдің келесі негізгі құрамының бірі - ол уық (4-сурет). Бұл уық кереге мен шаңырақты жалғастырып, үйді құрап тұрады. Егер киіз үйдің кеңдігі керегесіне байланысты болса, ал биіктігі уықтың ұзындығы мен қысқалығына байланысты болады. Уықтың иілуіне байланысты бірнеше атау мен бөліктерден тұрады. Уықтың керегеге қосылатын немесе байланатын ұшын «доғалай» (1) деп атайды. Ал уықтың иілген жерін «иығы» (2) дейді. Шаңырақтың көзіне қадайтын уықтың ұшын «қаламы» (4) деп атайды, оның себебі уықты төрт қырлы етіп ұштауды қаламдау дейді. Шаңырақ пен уық қаламының арасын уықтың «қары» (3) деп


атайды. Уықтың доғалайын тесіп, қайыстан немесе жіңішке қылдан жасалған бауды «уықбау» (5) деп атайды. Кейде уықтың иінінің ішкі бетін шеберлер бедерлеп өрнек салады немесе арнайы өрнектелген сүйек жапсырады.



4 сурет: Киіз үйдің уығы

Киіз үйдің уық саны үйге жайылатын кереге басының санына тең болады. Үйдің қанат саны мен көлеміне қарай уықтың саны 60-тан 160-қа дейін болады, осыған байланысты ұзындығы да өсе береді. Оған қосымша сықырлауық есіктің үстіне байланатын қысқалау келген 4-5 маңдай уық саны қосылады. Ал бұл уықтардың ұзындығы есіктің маңдайша биіктігіне байланысты болады.

Келесі киіз үйдің бір бөлігі үйдің есігі. Киіз үйдің ағаш есігін «сықырлауық» (5-сурет) деп атайды. Үй есігінің биіктігі шамамен бір жарым метр болса, ені сексен сантиметр болып келеді. Бұл есікті «жарма есік» деп, ағаштан оюлап жасайды. Сықырлауық киіз үйдің ішіне қарай ашылады, себебі есіктің сырт жағына киізден жасалған киіз қаптаған жаппа жауып қояды. Үйдің есігі құрамалы болғандықтан бірнеше бөліктен тұрады.



5 сурет: Киіз үйдің сықырлауығы


Киіз үй есігі құрылысының бірінші түрі - есіктің үстінгі уық байланатын және енін анықтайтын бөлігін «маңдайша» (1) болып табылады. Есіктің биіктігін анықтайтын және керегемен байланатын бөлігін «босаға» (2) дейді. Есіктің «сықырлауығы» (3) деп, тақтадан жасалған киіз үйдің сәулетіне қарай оюлы

өрнектермен немесе өрнектелген сүйекпен жапсырмалап әшекейленген есіктің бедер-өрнектер арқылы жасалған бөлігін айтады. Есіктің «жақтауы» (4) деп, есіктің тақтайдан жасалған бөлігін айтады. «Табалдырық» (5) деп, есіктің төменгі жағын айтады.

Үйдің сүйегін, үйші құрылым бөлшектерін толық жасап болғаннан кейін, оны қызыл түсті жосамен бояйды. Егер үйдің сүйегі қайыңнан жасалса, онда оны өсімдік майымен майлайды. Ол ағашқа су сіңбейді және піл сүйегі түстес өң береді. Үй сүйегі әзір болған соң үйдің сыртқы киіздері жасалады. Кереге бойына жабылатын киіздерді «туырлық», уықтардың үстіне жабатын киізді «үзік», шаңырақты жабатын киізді «түңлік» және сықырлауыққа жабатын «киіз есік» деп атайды. Бұл киіздер қойдың ақ күзем жүнінен басып жасалады. Киіздер өзара және үй сүйегіне баулар және арқандар арқылы тұтылады немесе бекітіледі. Баулар «туырлық бау», «түңлік бау», «үзік бау», «жел бау» деп бөлінеді. Туырлық пен үзіктердің өзара айқасатын жерін «жабық» дейді. Әсіресе, туырлық пен үзік баулары кестелі, оюлы жалпақ құрдан жасалып, үйге көрік беріп тұрады. Киіз үйдің сыртынан жел көтермес үшін екі «белдеу» деген арқан тартылады.

3. Киіз үйдің іші мен тәрбиелік мәні

Киіз үйдің іші қолдануына байланысты «төр», «сол босаға», «оң босаға» және «орта» болып үлкен төрт бөлімге бөлінеді (6-сурет).



6 сурет: Киіз үйдің ішкі көрінісі

Негізгі және басты бөлік ол есікке қарама-қарсы орналасқан киіз үйдің жоғары және әрі сыйлы орны - «төр». Төрге аса сыйлы қонақтар мен көрпе-төсек қойылады. Сонымен қатар біздің елімізде төрге қыз баланы отырғызады, себебі

қазақ елінде қыз – қонақ, жат жұрттық болып саналады. Аталарымыздан қалған тамаша сөз бар - «Қыз бала - төр иесі, ұл бала - үй иесі». Жас келіндер бұл жерде отырмайды. Егер ұл бала малдас құрып отырса, онда оның әкесі жоқ деп есептеледі, яғни әкесі тірі адам малдас құрып отырмайды. Қазақ елінде отырудың өзінің осындай таңбалық мәні бар.

Төрдегі отырған адам төрелік айтады. Ежелде төрге ақ пен қара түсті сырмақ төселетін болған. Мұның мәнісі, төр - ақ пен қараның ара жігін ажырата алатын адамның орны болған.

Үйге есіктен кіре берген жерін «босаға» дейді. Босағаның кіргенде оң және сол жағы болғандықтан «оң босаға» және «сол босаға» деп атайды. Сол жақ (кіргенде оң жақ) – үй иесінің отыратын және жататын орны. Сонымен қатар, босаға жақта азық-түлік, ыдыс-аяқтар тұрады. Үй интерьері әдемі болу үшін оны шимен жауып қояды. Сол жақ босағаға кебеже, мес, күбі, т.б. қойылады. Сол жақ босағаға келген дүниені ғалымдар «құт» категориясымен белгілейді. Өйткені, жоғарыдағы аталған ыдыстарға ақ, яғни айран, іркіт, қымыз, шұбат т.б. құйылады. Демек, сол жақ босаға әйелдің бұрышы болып саналады. Қазақ халқы шұңғыл ыдысты да әйелдің символы ретінде бағалайды. Сол босағадан кірген дүние сыртқа шықпайды, қапқа түседі, яғни әйелге өткізілген дүние деп санайды. Халқымызда тамаша мақал бар «Аяғын көріп, асын іш, анасын көріп, қызын ал» деген.

Оң жақта (кіргенде сол жақ) балалардың ойнап жатар орны болып табылады. Босаға жаққа қарай ер-тұрмандар, киімдер ілінеді. Сонымен қатар, оң босаға - еркектің символы болып табылады. Оң жаққа ер-тұрман, ат әбзелдері, бүркіт т.б. қойылады. Қыста ерте туған және қатты жауын-шашында малдың жас төлін де оң босағаға кіргізетін болған. Оң жақ - аралық меже болып саналады. Киіз үйге кірген, босаға аттап келген келінді оң жақта қарсы алады. Аяғына «биязы болсын» деп ақсарбастың терісін төсейді. Босағаны пәк болып аттаған бойжеткен аралық межеден өтіп, жанұялық өмірін бастайды, үйленген соң, төсек-орнымен сол жаққа өтеді. Сонымен қатар, қайтыс болған адамды да қазақ ақ киізге жатқызып, оң жақтан шығарады. Сонымен қатар, оң жақ бір әлеуметтік сатыдан екінші әлеуметтік сатыға немесе бір әлемнен екінші әлемге өткізетін көпір тәрізді киіз үйдің бөлігі. Босағаның екіге бөлінуіне қазақта, «Кереген кең болсын, екі босаған тең болсын!» деген тілектің кейінгі жолдарында әке - шешен аман болсын деген астар жатыр.

Киіз үйдің ішіндегі ортасына ошақ қойылады. Сондықтан, ошақ тұрған жер «от орны» болады, әрі қасиетті орын, себебі бұл жерде қазан тұрады. Яғни, қазан – ошақ шаңырақты көтергенде бақанның екінші ұшы тиген жерге, үйдің дәл ортасына орналасады. Ошақ орналасқан соң, оған қазан қойылып дәм асылады, ал қазан асылған соң міндетті түрде оған бірдеме құйылуы керек. Қазақта қазанның бос тұруын жаман ырымға теңейді. Ошақ үйдің шаңырақ астында болғандықтан, от жағылып қазан асылғанда тамақ исі мен түтін исі сыртқа тіке шығып кетеді. Сонымен қатар, оттан тараған жылу үй ішіне бірдей ара қашықта тарайды. Халқымызда мынадай сөз бар «Егер шаңырақтың үстінде Алланың оты маздаса, онда төменде адамның оты лаулайды». Қайда көшсе де қазақ қазанын тастамай алып жүретін ғұрып бүгінгі күнге дейін жалғасып келеді. Сонымен қатар, еліміз қазанды татулықтың белгісі ретінде де санаған. Қазанға байланысты халқымызда көптеген аңыздар бар. Соның бірі, жауласқан мың батырдың найзасының ұшын ерітіп, қазан құйылған екен. Олай болса қазанды береке - бірліктің символы ретінде қарастырған. Ертеректе қазақтар үйге келген қонаққа алдымен дәм беріп, сонан кейін жөн сұрасқан.

Киіз үйдің тағы бір негізгі ішкі бөлігі ол - табалдырық. Халқымызда «Табалдырықты баспа!» деген сөз бар. Қазақ ертегілері бойынша, әлем үш сатыдан тұрады екен. Ондағы адамдар белбеуді басынан байласа, жердегілер белінен, ал төмендегілер аяғынан байлайды деген. Ал, біз айтып отырған «табалдырық» сол төмендегі әлеммен байланысқа түсіретін мәңгілік. Сондықтан, табалдырықты киелі деп қарап, ертеректе шала-жансар туылып, өліп қалған малдың төлін табалдырықтың астына көметін болған. Сонымен қатар, түсікті де солай еткен. Міне, «Табалдырықты баспа!» дейтін тыйымның шығу себебі осымен байланысты. Тағы сол сияқты оталмаған мылтық пен қаппаған қақпанды домдау үшін табалдырықтың астына қойып, бойын таза ұстайтын әйел адамға аттататын болған. Бұның себебі, арғы әлем мен бергі әлемнің арасындағы қаскөй рухтар мылтық пен қақпанды байлап тастады дейтін түсінік.

Киіз үйдің бір бөлшегі – кәдімгі ши. Оны жүнмен орап, кілем, текемет түсіндей оюлармен безендіріп тоқиды. Оны шым ши дейді, ораусыз шиді ақ ши дейді. Ши кереге мен туырлықтың екі ортасына келеді. Оның әсемдікке әрі жылылыққа әсері мол. Сондай-ақ, ши тұрғанда сырттан құрт-құмырсқа, кесіртке, жылан тағы басқа жәндіктер кіре алмайды.

4. Қорытынды

Ежелгі тұрғын үй есебінде қолданылған ерекше сәулет ғимараты «киіз үйдің» құрылысы мен оның қандай материалдан жасалғанына шолу жасалынды. Себебі, халқымыз өткен ғасырда «киіз үйдің» қажеттігі азайып, бабаларымыз аманат еткен, құнды байлығымызды жоғалтып алу алдында қалдық. Қазіргі заманда заманауи тұрғын үйлер алдында өткеннің қалдығы ретінде «киіз үйді» тұрғын үй ретінде қолданудан қалып барады. Керісінше, бұл ғимаратты біздің халқымыз сан мыңдаған жылдар бойы өзінің төл баспанасы болғандықтан, жылдар мен ғасырлар өткен сайын оның құрылысы мен түрлері жаңартылып отырған. Осы күнге дейін киіз үйдің қаңқасы ағаштан жасалған, ал үстінгі жабыны қой жүнінен басып жасаған киізден тұратын болған.

Өкінішке орай, қазіргі кезде киіз үйді жасау мен оны тігу және бұзу үлкен қиындықты тудырып тұр, себебі қазіргі кезде киіз үйді тігуі мен бұзуын кез-келген адам жасай алмайды, өйткені оның жинау мен бұзудың түсіндірме қағазы жоқ. Қазіргі кезде осы тарихи ескерткішімізді сақтаудың бір жолы, оның құрылымын және үстіндегі жабынын заманға сай етіп жасап, ауыл шаруашылық пен төтенше істер министрліктеріне ұсыну. Ол үшін киіз үйдің осы құрылымы мен үстіндегі жабындарын бір үлгі қалыпқа, стандартқа келтіріп, құжаттарын жасап бір жүйеге келтіріп заңдастыру қажет.

Пайдаланған әдебиеттер

- [1] Шаңырақ: үй-тұрмыс энциклопедиясы / Нұрғалиев, Р.Н. - Алматы: Қазақ совет энциклопедиясының бас редакциясы, 1990. - 567 с.
- [2] Орысша-қазақша түсіндірме сөздік. Механика. Жалпы редакциясын басқарған Е. Арын. -Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2007. - 291 б.
- [3] Сайын Назарбекұлы. Қазақтың киіз үйі. –Астана: Елорда, 2005. -93 б.
- [4] e-history.kz
- [5] Отырар. Энциклопедия. –Алматы: «Арыс» баспасы, 2005.

Автор (лар) ға ұсынымдар

- Мақала Word бағдарламасында терілген және электронды нұсқасымен, қағазға басылып өткізілуі тиіс (басқа қаладағы авторларға электронды нұсқасын өткізуге болады).
- Қарпі: мәтін үшін – Times New Roman – 11 кегль;
- Пішімі А4, беттің параметрлері: сол, оң, асты және үсті жағы – 2,5 см. Абзацтық шегіну – 0,75 см. Түзілу – ені бойынша; қатар аралық интервал – 1,5 қатар.
- Кестелер мен суреттерде нөмірлері көрсетілген толық атаулары көрсетілуі тиіс. Өлшем бірліктері СИ Халықаралық бірліктер жүйесіне сәйкес болу керек.
- Мақаланың жалпы көлемі кестелер мен суреттерді, қолданылған әдебиеттерді қосқанда 4-7 беттен кем болмауы керек.
- Бөлек қағазда автор (лар) туралы мәліметтер: аты-жөні толық, ғылыми атағы, ғылыми дәрежесі, лауазымы, жұмыс орны (мекеменің немесе ұйымның атауы), толық пошталық мекен-жайы, телефон нөмірі және e-mail.
- Журналда мақаланы жарыққа шығару мүмкіндігі туралы шешім мақалаға жазылған тәуелсіз ғалымдардың екі пікірі (рецензия) және редакция алқасының бір мүшесінің ұсынымы негізінде қабылданады. Пікір беруші мақаланың ғылыми бағытына сәйкес болу керек және жарияланатын мақаланың мазмұнына, яғни теориялық маңыздылығына, тәжірибелік құндылығына және жаңа екендігіне жауапты.
- Автор бір нөмірде 2 мақаладан артық жариялауға құқы жоқ.

Recommendations

- An article (electronic version is sufficient for foreign authors) should be typed MS Word program and presented in electronic form with mandatory listing of the text.
- Font –Times New Roman -11 pt.
- Format A4, Margins: left, right - 2,5 cm; top, bottom - 2.5 cm; Paragraph - 0.75 cm. Line spacing - 1,5.
- The tables and illustrations with their numbers and names should be given in full, the unit labeling in accordance with the International System of Units SI.
- The total volume of articles, including tables, illustrations and references of at least 4-7 pages.
- Information about the author: name, academic degree and title, place of work and position, full mailing address, telephone number, e-mail should be given on a separate sheet.
- The conclusion about the possibility of the publication of articles in the journal shall be based on two independent scientists review and recommendation by a member of the editorial board. The reviewer must comply with the scientific direction of the article and is responsible for the content of the published article, i.e., of theoretical significance, practical value of the novelty article recommender.
- The author can publish no more than two articles in the same issue.

Рекомендации авторам

- Статья должна быть набрана в программе Word и представлена в электронном варианте с обязательной распечаткой текста (для иногородних авторов достаточен электронный вариант).
- Шрифт: для текстов – Times New Roman – 11 кегль;
- Формат А4, поля : левое, правое – 2,5 см, верхнее, нижнее – 2,5 см. Абзацный отступ – 0,75 см. Выравнивание – по ширине; Междустрочный интервал – 1,5 строки.
- В таблицах и иллюстрациях с указанием их номеров все наименования следует давать полностью, единицы измерений обозначать в соответствии с Международной системой единиц СИ.
- Общий объем статьи, включая таблицы, иллюстрации и список литературы не менее 4–7 страниц.
- На отдельном листке следует привести сведения об авторе (-ах): Ф.И.О., ученая степень и звание, место работы и должность, полный почтовый адрес, номер телефона, e-mail.
- Заключение о возможности публикации статей в журнале выносится на основании 2 рецензии независимых ученых и рекомендации одного из членов редколлегии журнала. Рецензент должен соответствовать научному направлению статьи и несет ответственность за содержание публикуемой статьи, т.е. за теоретическую значимость, практическую ценность и новизну рекомендуемой статьи.
- Автор имеет право на публикацию в одном номере не более 2-х статей.

Мақаланың құрылымы

- ЭОЖ (Әмбебап ондық жіктеу саны) – сол жақ жоғарғы бұрышында.
- Автор (- лар) туралы ақпарат – аты-жөні толық, ғылыми атағы, ғылыми дәрежесі, лауазымы, жұмыс орны (мекеменің немесе ұйымның атауы); елдің атауы (жақын және алыс шетелдегі авторлар үшін).
- Мақаланың атауы.
- Жарияланатын мақаланың андатпасы мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде болу керек. Андатпаның көлемі 5-6 сөйлем немесе 500 баспа белгілері (мәтін 1/3 бет).
- Кілт сөздері 10 сөзден аспау керек.
- Мақаланың мәтіндік бөлігі. Мақаланың мәтінінде көрсетілуі тиіс: мәселенің тұжырымы; мәселенің зерттеулерін талдау; зерттеудің мақсаты мен міндеттері; материалды таныстыру және ғылыми зерттеулер нәтижелерін тұжырымдау; қорытындысы.
- Қолданылған әдебиет.

Structure of the article

- UDC (Universal Decimal classification number) – placed in the upper left corner.
- Information about authors - full name, title, academic degree, position, place of work (name of institution or organization); name of the country (for foreign authors).
- Article title
- Abstract published in Kazakh, Russian and English languages. The volume of abstract is 5-6 sentences or 500 words (1/3 page of text).
- Keywords are not more than ten words.
- The text of the article should be reported: formulation of the problem, the analysis of the research problem, the goal and objectives, the presentation of material and the study received research results conclusions.
- References.

Структура статьи

- УДК (универсальный десятичный классификационный индекс) – в левом верхнем углу.
- Сведения об авторе (авторах) – ФИО полностью, ученое звание, ученая степень, должность, место работы (наименование учреждения или организации); наименование страны (для авторов ближнего и дальнего зарубежья).
- Название статьи.
- Аннотация публикуемой статьи на государственном, русском и английском языках. Объем аннотации 5-6 предложения или 500 печатных знаков (1/3 страница текста).
- Ключевые слова не более 10 слов.
- Текстовая часть статьи. В тексте статьи должны отражаться: постановка задачи; анализ исследований проблемы; цель и задачи исследований; изложение материала и обоснования полученных результатов исследований; выводы.
- Использованная литература.

Инженерлік графика және кәсіби білім проблемалары

Problems of engineering graphic
and professional education

Проблемы инженерной графики и
профессионального образования

№ 1 (40)

Мазмұны Contents Содержание

Б.Н. Нурмаханов	Моделирование плоских моноидальных преобразований второго и третьего порядков	3
Ә.К. Бәйдібеков Ж. Мәлібеков	Қазақ халқының сәулеттік құрылымы және оның тәрбиелік мәні	7
М. Серік М.М. Конурбаева	Современное состояние проблемы организации облачных процессов в распределенных системах	17
М. Серік Г.С. Дәулетберді	Облачные хранилища в образовании	21
А.А. Альжанов С.С. Джумагалиева	Использование информационных и коммуникационных технологий в преподавании и обучении	25
С.З. Бейсекеева С.К. Сисембина	Исследование процессов управления поверхностными свойствами твердой фазы дисперсных систем «глинистое сырье-корректирующая добавка»	29
Ж.А. Шахмов Б. Серигжан	Құрылыста қолданылатын геотехникалық мониторингке жалпы шолу	37
Zh. Omarova	Ornament in architecture of Kazakhstan	45
М.С. Кадралинов	Производство энергоэффективных сэндвич панелей на основе теплоизоляционного материала пенополистирола	49

ISSN 2220 - 685X



За содержание статьи ответственность несет автор

Отпечатано в типографии ЕНУ им. Л.Н. Гумилева

Выпускающий редактор
к.т.н., профессор У. Кусебаев

Технический редактор
Г. Тулеуова

Издательство ЕНУ
Научно-педагогический журнал
«Проблемы инженерной графики и профессионального образования»
№ 1 (40). 2017. - 63 с.
Тираж - 300 экз. Заказ - 1

Дизайн
А. Токсанова

Адрес редакции:

010000, Республика Казахстан,
г. Астана, ул. Кажымукан, 13,
ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, корпус УЛК №1, 505-кабинет.
Тел.: 8 (7172) 70-95-00 (вн. 33 506)

web сайт: <http://apgrk.kz>, <http://enu.kz>
e-mail: journal.enu@gmail.com

ISSN 2220 – 685X

